

**"Геология және жер қойнауын барлау ұйымдарының басшылары және мамандарының лауазымдарына үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің 2011 жылғы 8 маусымдағы № 179 бұйрығының күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 9 маусымдағы № 478 бұйрығы

«Құқықтық актілер туралы» 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабының 2-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Геология және жер қойнауын барлау ұйымдарының басшылары және мамандарының лауазымдарына үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің 2011 жылғы 8 маусымдағы № 179 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 59993 болып тіркелген, «Казахстанская правда» газетінде 2011 жылғы 31 тамыздағы № 276-277 (26697-26698) жарияланған) күші ж о й ы л д ы д е п т а н ы л с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Геология және жер қойнауын пайдалану комитеті (Б.Қ. Нұрабаев):

1) осы бұйрықтың көшірмесін бір апта мерзімінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне жіберуді;

2) осы бұйрықты мерзімді баспа басылымдарында, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялады;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Инвестициялар және даму министрі

Ә. Исекешев

« К Е Л І С І Л Г Е Н » :

Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрі

Т. Дүйсенова

2016 жылғы 17 маусым

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК